

**"Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 қарашадағы № 1232 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 20 қарашадағы № 1466 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 995 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 қарашадағы № 1232 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 46, 582-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі туралы ережеде:

14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Министрлік қолданыстағы заңнамаға және өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) көліктің барлық түрлерін және коммуникацияны дамытудың бағдарламалары мен тұжырымдамаларын әзірлейді, инвестициялық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік саясатты, сондай-ақ гендерлік теңдік саясатын қалыптастырады және жүргізеді;

2) мемлекеттің және халықтың тасымалдарға деген мұқтажына болжамдар әзірлейді ;

3) көлік және коммуникация саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады ;

4) келісімдер мен шарттар жасау құқығымен көлік және коммуникация саласындағы мемлекетаралық қатынастарда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республиканың мүдделерін білдіреді;

5) көлік және коммуникация саласындағы Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғауды жүзеге асырады ;

6) экономиканың және республика халқының тасымалдарға және онымен байланысты көрсетілетін қызметтерге қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасайды ;

7) Қазақстан Республикасында көлік және коммуникация қызметін реттейтін

нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді, көлік және коммуникация саласындағы ұлттық стандарттарды әзірлеуге қатысады;

8) көлік және коммуникация саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді;

9) тікелей аралас тасымалдар туралы қағидаларды бекітеді;

10) автомобиль көлігі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар лауазымды адамдарының тізбесін, нысанды киімнің (погонсыз), нөмірлі омырау белгілерінің, қызметтік куәліктің үлгілерін бекітеді;

11) Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидаларын әзірлейді;

12) тұрақты маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау жөнінде қызмет көрсетуге тарифтер есептеу әдістемесін белгіленген тәртіпке сәйкес бекітеді;

13) меншік нысандарына қарамастан, жол секторының жұмыс істеу тәртібін айқындайтын заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, сондай-ақ жол қызметіндегі ұлттық стандарттардың жобаларын әзірлейді;

14) халықаралық және республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбелерін, оның ішінде қорғаныстық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін әзірлейді;

15) байланыс желілерін салу, пайдалану және дамыту мәселелері жөнінде шешім қабылдау кезінде жеке және заңды тұлғалар басшылыққа алатын ұлттық қауіпсіздікті сақтау талаптарын бекітеді;

16) автомобиль жолдарын жөндеу мен ұстау жөніндегі жұмыстарға арналған шығындарды қаржыландырудың ғылыми негізделген нормативтерін дайындайды;

17) облыстық және аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары желісін құру және дамыту жөніндегі қызметті үйлестіреді;

18) жол қызметі саласында ғылыми зерттеулер жүргізеді;

19) радиоәуесқойлық қызметтердің радиоэлектронды құралдарын тіркеу және пайдалану қағидаларын әзірлейді;

20) қолда бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын орташа жөндеу үшін техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптама жүргізудің тәртібін белгілейді;

21) Қазақстан Республикасының экономикасы мен қорғаныс қабілеттілігін нығайту міндеттеріне сәйкес жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының дамуын мемлекеттік жоспарлауды жүзеге асырады;

22) табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы

басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша магистральдық темір жол желісінің жұмыс істеуі үшін технологиялық қажетті станциялық жолдардың, электрмен жабдықтау, сигнал беру, байланыс объектілерінің, құрылғылардың, жабдықтардың, ғимараттардың, құрылымдардың, құрылыстар мен өзге де объектілердің тізбесін бекітеді;

23) жолаушыларды, багажды, жүкті, жүк багажын және пошта жөнелтілімдерін тасымалдау қағидаларын әзірлейді;

24) жылжымалы құрамды тіркеу тәртібін әзірлейді;

25) тасымалдарды ұйымдастыруға және (немесе) тасымалдауға байланысты қызметтерді орындауға арналған шарттар бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету тәртібі мен шараларын айқындайды;

26) темір жол көлігімен тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзет алып жүруге тиіс жүктердің тізбесін бекітеді;

27) темір жол көлігі қызметкерлерін кәсіби үздік белгісімен марапаттау тәртібін бекітеді;

28) экспедиторлар қызметін ұсыну тәртібін айқындайды;

29) вагондар (контейнерлер) операторлары қызметінің тәртібін айқындайды;

30) локомотивтік тартқыш қызметін ұсыну тәртібін айқындайды;

31) тасымалдау процесіне қатысушылардың өзара технологиялық іс-қимыл жасау қағидаларын бекітеді;

32) табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша магистралдық темір жол желісі көрсететін қызметтерге кіретін операциялар тізбесін бекітеді;

33) табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша кірме жолдар көрсететін қызметтерге кіретін операциялар тізбесін бекітеді;

34) кірме жолдарды пайдалану қағидаларын бекітеді;

35) күзет аймағындағы жерлердің көлемдерін, пайдалану режимін белгілеу жөніндегі және темір жол көлігінің мұқтаждарына бөлінген белдеудегі жерлерді пайдалану қағидаларын бекітеді;

36) тасымалдаушылардың жолаушыларды, багажды және жүк багажды тасымалдау қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін белгілейді;

37) жұмыс режиміне қойылатын талаптарды, сондай-ақ барлық немесе жекелеген операцияларды орындау үшін темір жол станцияларын ашу және жабу тәртібін айқындайды;

38) поездардың жүруіне тікелей байланысты темір жол көлігі жұмысшыларының кәсіби даярлығы мен денсаулығы жөніндегі талаптарды

а й қ ы н д а й д ы ;

39) жолаушы поездарының құрамындағы жылжымалы құрамды тіркеу және оның бағытпен жүруінің тәртібі мен шарттарын айқындайды;

40) лауазымдар (кәсіптер) тізбесін, лауазымға (кәсіпке) қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіби даярлық деңгейін, лауазымға (кәсіпке) қойылатын біліктілік талаптарын айқындау тәртібін белгілейді;

41) тасымалдаушының және магистралдық темір жол желісі операторының қарамағындағы күзетілуге тиіс темір жол көлігі объектілерінің тізбесін бекітеді;

42) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарларын жою үшін қажетті материалдық және техникалық құралдар қорының тізбесін

а й қ ы н д а й д ы ;

43) мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның және ұлттық қауіпсіздік органдарының келісімі бойынша әуе трассаларының және жергілікті әуе желілерінің тізбесін бекітеді;

44) азаматтық және эксперименттік авиацияның аттестатталуға жататын авиация персоналының лауазымдары мен кәсіптерінің тізбесін әзірлейді;

45) азаматтық авиацияның авиация персоналының киім үлгісін кию және айырым белгілерін тағып жүру қағидаларын бекітеді;

46) сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтар мен қону алаңдарының пайдалануға жарамдылығын айқындау қағидаларын бекітеді;

47) азаматтық авиация саласында ұшу қауіпсіздігі жөніндегі бағдарламаны б е к і т е д і ;

48) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларын б е к і т е д і ;

49) авиабағыттарды пайдалану шарттарын айқындайды;

50) Әуе қозғалысын ұйымдастыру және оған қызмет көрсету жөніндегі н ұ с қ а у л ы қ т ы б е к і т е д і ;

51) аэронавигациялық ақпарат құжаттарын бекітеді;

52) әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету кезінде әуежайларда азаматтық әуе кемелерін пайдаланушылардың ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі үлгі нұсқаулықтарды б е к і т е д і ;

53) азаматтық авиацияның авиация персоналын даярлау және қайта даярлау бағдарламаларын, сондай-ақ халықаралық ұшуды орындаған кезде авиация персоналының радиотелефон байланысында пайдаланатын белгілі бір көлемдегі ағылшын тілін білуіне қойылатын талаптарды бекітеді;

54) әуежайлар және аэронавигация салаларында қызмет көрсететін субъектілер персоналы санының үлгі нормативтерін бекітеді;

55) әуежайды пайдаланушының бірінші басшысы лауазымына үміткерлерге

біліктілік талаптарын бекітеді;

56) әуежайлар және аэронавигация салаларында қызмет көрсететін субъектілердің шикізат пен материалдар шығындарының, техникалық шығындарының үлгі нормаларын бекітеді;

57) Қазақстан Республикасының әуежайларында ұшуды авариялық-құтқарумен қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді;

58) әуе кемелерін есептен шығару қағидаларын бекітеді;

59) Қазақстан Республикасының әуежайларында әуе кемелеріне қызмет көрсету үшін уақытша интервалдарды бөлу қағидаларын бекітеді;

60) Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімі бойынша халықаралық ұшуларға қызмет көрсетуге рұқсат берілген әуежайдың пайдаланушысына қатысты уақытша басқаруды енгізеді және уақытша әкімшілікті қалыптастырады ;

61) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары мен мамандары лауазымдарының тізбелерін, сондай-ақ осындай лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді ;

62) азаматтық және эксперименттік әуе кемелеріне мемлекеттік, тіркелетін танылым және қосымша белгілерін салу қағидаларын және көрсетілген белгілердің сипаттамасын бекітеді;

63) Қазақстан Республикасының ішкі және халықаралық авиамаршруттарындағы тұрақты рейстердің кестесін бекіту жөніндегі нұсқаулықты бекітеді ;

64) азаматтық және эксперименттік авиация үшін ұшуға дайындық қағидаларын бекітеді ;

65) субсидияланатын маршруттарда ұшуды орындаған кезде Ұшу сағатының өзіндік құнын есептеу нұсқаулығын бекітеді;

66) азаматтық әуе кемелерімен тасымалдауға арналған қауіпті жүктердің тізбесін бекітеді ;

67) әуежайдың бақыланатын аймағына өту, көлікпен өту құқығына арналған рұқсаттамалардың түрлері мен нысандарын бекітеді;

68) халықаралық тұрақты емес ұшуларды орындауға рұқсаттар беру және оны беруден бас тарту негіздерінің қағидаларын бекітеді;

69) сауда мақсатында теңізде жүзу саласында туындайтын қатынастарды реттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді ;

70) теңіз портының капитанын лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады ;

71) Мемлекеттік кеме тізілімінің, Жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінің

және кеме кітабының нысандарын бекітеді;

72) лоцмандық қызмет туралы ережені бекітеді;

73) ішкі су жолдары учаскелерінің, міндетті лоцмандық алып өтуге жататын кемелердің үлгілері мен көлемдерінің тізбесін бекітеді;

74) кемелер экипаждарының ең аз құрамына қойылатын талаптарды әзірлейді ;

75) нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар мемлекеттік бақылау және қадағалау қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін, нысанды киімнің (погонсыз) және айырым белгілерінің үлгілерін, сондай-ақ оны киіп жүру тәртібін бекітеді ;

76) ішкі су жолдары мен шлюздердің кеме жүретін жағдайда ұсталуын қамтамасыз етеді ;

77) ішкі су жолдарындағы кемелермен, оның ішінде шағын кемелермен болатын көліктік оқиғаларды тергеу, сыныптау және есепке алу қағидаларын әзірлейді ;

78) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын беру және кеме шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуге уақытша ауыстыру туралы шешім қабылдайды ;

79) кемелердің, салдардың және өзге де жүзу объектілерінің айлаққа келуіне, арқандап байлануына және тоқтап тұруына арналған уақытша құрылғылар мен жүзбелі құрылыстарды орналастыру, жолаушыларды кемелерге отырғызу және кемелерден түсіру, жүктерді тиеу, түсіру және сақтау тәртібін әзірлейді;

80) суға кеткен мүлікті көтерудің тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;

81) кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау қағидаларын бекітеді;

82) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың кеме экипажының құрамына кіруі мүмкін болатын шарттарды әзірлейді;

83) ішкі су көлігінде жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау қағидаларын әзірлейді ;

84) сатылатын жүктерді есепке алу және олар үшін есеп айырысу тәртібін әзірлейді ;

85) кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу қағидаларын әзірлейді ;

86) кемелердің портқа кіру және порттан шығу, кемелердің порт акваториясы мен порттағы тұрақ шегінде жүзуі қағидаларын әзірлейді;

87) нысанды киім (погонсыз) берілетін теңіз көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін, нысанды киімнің (погонсыз) және айырым белгілерінің үлгілерін, нысанды киім (погонсыз) киіп жүру тәртібін бекітеді ;

- 88) кеме атауын беру және өзгерту тәртібін айқындайды;
- 89) белгі беру дабылын және спутниктік байланыстағы кеме станциясының сәйкестендіру нөмірін беру тәртібін айқындайды;
- 90) кеме құжаттарының тізбесін, нысандарын және кеме құжаттарын жүргізу қағидаларын әзірлейді;
- 91) кемелермен болған апаттық жағдайларды тергеу қағидаларын әзірлейді;
- 92) теңіз лоцмандарына арналған біліктілік талаптарын белгілейді;
- 93) тасымалдау үшін жүктерді қабылдауды уақытша тоқтатудың немесе шектеудің қолданылу мерзімін белгілейді;
- 94) актілер нысандарын, оларды жасау тәртібін және актілерді жасауды талап етпейтін жағдайларды куәландыру тәртібін бекітеді;
- 95) Қазақстан Республикасының байланысын дамыту мен жетілдірудің негізгі бағыттары мен басымдықтарын іске асыруды және ұсыныстар әзірлеуді ұйымдастырады, оның жұмыс істеу сапасын, қолжетімділігін және орнықтылығын арттырады;
- 96) ақпараттандыру саласында және «электрондық үкімет» қалыптастыруда халықаралық ынтымақтастықты дамытады;
- 97) Қазақстан Республикасының байланыс әкімшілігі ретінде халықаралық байланыс одақтары мен ұйымдарында өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді және қорғайды;
- 98) халықаралық электр байланысы одағының Радиобайланыс регламентіне сәйкес радиожилікті халықаралық үйлестіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;
- 99) Қазақстан Республикасының пошта әкімшілігі ретінде басқа мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың пошта әкімшіліктерімен өзара іс-қимыл жасауда Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өкілеттіктері шегінде пошта байланысы саласындағы Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді және қорғайды;
- 100) байланыс саласында және ақпараттандыру саласында және «электрондық үкіметті» қалыптастыру кезінде қызметті салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;
- 101) ақпараттандыру саласында, сондай-ақ халыққа қызмет көрсету орталықтарының мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;
- 102) өз құзыреті шегінде байланыс саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және қабылдайды;
- 103) ақпараттандыру саласында техникалық регламенттерді әзірлейді;
- 104) электрондық қызметтер нарығының жұмыс істеуіне жағдай жасайды;
- 105) мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын бағалау әдістемесін

әзірлейді және бекітеді;

106) электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба мәселелері жөнінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарға практикалық және әдістемелік көмек көрсетуді жүзеге асырады;

107) «электрондық үкіметті» қалыптастыруды және мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық желілерді дамытуды, Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігінде олардың үйлесімділігі мен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

108) куәландырушы орталықтың үлгі ережесін әзірлейді және бекітеді;

109) Мемлекеттік органдардың электрондық ақпараттық ресурстарын және ақпараттық жүйелерін, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық желілерін пайдалану және олардың өзара іс-қимыл жасау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

110) ұлттық электрондық ақпараттық ресурстарды және ұлттық ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық желілерді қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

111) ақпараттандыру саласында ақпараттық жүйелерге, инвестициялық жобаларға және бағдарламаларға аудит жүргізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

112) телекоммуникацияның бірыңғай желісін, Қазақстан Республикасының ортақ пайдаланымдағы телекоммуникация желілерін құру тұжырымдамасын әзірлейді және қабылдайды;

113) пайдалануға және шетелден әкелуге рұқсат берілген радиоэлектронды құралдардың және жоғары жиілікті құрылғылардың тізбесін бекітеді;

114) радиоэлектронды құралдарды, жоғары жиілікті құрылғыларды тіркеу және пайдалану, сондай-ақ шетелден әкелу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

115) Байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын әзірлейді;

116) қорғау аймақтарын белгілеу және ондағы жұмыс режимінің тәртібін әзірлейді;

117) пошталық ақы төлеу белгілерінің мемлекеттік топтамасын қалыптастырады;

118) Ұлттық пошта операторының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының аумағында пошта байланысының өндірістік объектілеріне пошталық индекстер беруді жүзеге асырады;

119) пошта байланысы қызметтерін ұсыну қағидаларын әзірлейді;

120) почта желілерімен жөнелту шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін әзірлейді;

121) пошта жөнелтімдеріндегі пошталық штемпельді қолдану тәртібін әзірлейді;

122) Ұлттық пошта операторы қызметкерлерінің нысанды киім (погонсыз)



үлгілерін, оларды кию тәртібін, олармен қамтамасыз ету нормаларын бекітеді;

123) франкирлеу машиналарын қолдануға рұқсат беру тәртібін, сондай-ақ оларды пайдалану тәртібін айқындайды;

124) депозитке беруді сынақтан өткізу, тіркеу, беру, сақтау, оның толықтығын қамтамасыз ету және депозитарийге бағдарламалық өнімдерді, бағдарламалық кодтарды және нормативтік-техникалық құжаттаманы тіркеу, беру және сақтау туралы мәліметтерді ұсыну тәртібін бекітеді;

125) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жарты жылдық тексеру жоспарларын әзірлеуді және бекітуді жүзеге асырады;

126) ақпараттандыру саласындағы инвестициялық жобалар мен бағдарламаларды әзірлеуді ұйымдастыруды жүзеге асырады;

127) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуді жүзеге асырады;

128) ақпараттық жүйелерді құруға, дамытуға және сүйемелдеуге арналған нормативтік шығындарды әзірлейді және бекітеді;

129) электрондық мемлекеттік қызметтердің үлгі регламентін әзірлейді;

130) бюджет қаражаты есебінен жасалатын және (немесе) сатып алынатын ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің, оның ішінде оларға енгізілетін өзгерістердің техникалық-экономикалық негіздемесіне, техникалық ерекшелігіне және техникалық тапсырмасына сараптама жүргізеді;

131) регистратураларды айқындайды, Интернет желісінің қазақстандық сегментінің домендік кеңістігін тіркеу, пайдалану және бөлу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

132) ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық желілерді «электрондық үкімет» инфрақұрылымына ықпалдастыру үшін оларды пайдалануда бірыңғай технологиялық стандарттардың талаптарын орындау және компьютерлік оқиғаларға ден қою жөніндегі қызметті үйлестіруді жүзеге асырады;

133) мемлекеттік органдардың өз құзыретіне кіретін электрондық мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету мерзімдері жөнінде ұсыныстарды әзірлейді;

134) Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының және ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен дұрыстығын растау қағидаларын әзірлейді;

135) бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютерлік жүйенің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындылар беру қағидаларын әзірлейді;

136) байланыс саласында қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын субъектілерге қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді;

137) ақпараттандыру саласындағы қатынастарды реттеу мәселелері жөніндегі, сондай-ақ халыққа қызмет көрсету орталықтарының мәселелері жөніндегі жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін белгіленген тәртіппен қарайды;

138) инвестициялар тарту жүйесін және ақпараттандыру саласындағы инвестициялық жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруды ынталандыру тетіктерін жетілдіруді жүзеге асырады;

139) ақпараттандыру саласындағы стандарттау және сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарға қатысады;

140) Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат беру қағидаларын бекітеді;

141) Қазақстан Республикасының аумағында жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын қолдану қағидаларын бекітеді;

142) көліктік бақылау бекеттерінің жұмысын ұйымдастыру тәртібін бекітеді;

143) халықаралық және республикаішілік қатынастарда қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілерін арнайы даярлау жөніндегі қызметтің жүзеге асырыла басталғаны туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізеді;

144) электрондық (цифрлық) тахографтар жөніндегі ұлттық дерекқорды жүргізеді;

145) Қазақстан Республикасында тіркелген, тез бұзылатын жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарында халықаралық тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде олардың Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы куәлік береді;

146) автомобиль көлігімен мүгедектерді тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекітеді;

147) жылжымалы құрамды, арнайы жылжымалы құрамды сыныптау тізбесін бекітеді;

148) поездардың қозғалысы және темір жол көлігіндегі маневрлік жұмыс жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

149) Жүк және жолаушылар вагондары мен тартқыш жылжымалы құрамның қызметін пайдалану мерзімдерін ұзарту қағидаларын бекітеді;

150) темір жол өтпелерін пайдалану қағидаларын бекітеді;

151) нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар темір жол көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін,

нысанды киімнің (погонсыз) үлгілерін, оны киіп жүру тәртібін және айырым белгілерін бекітеді;

152) жолаушыларды, багажды, жүк багажды, жүктерді тасымалдау туралы және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану туралы есептілікті есепке алуды жүргізу мен беру тәртібін бекітеді;

153) Қазақстан Республикасының аумағында темір жол көлігіндегі апаттарды, аварияларды тергеуге қатысады;

154) поездар қозғалысына байланысты терминдерді бекітеді;

155) авиакомпанияның бірінші басшысы лауазымына кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

156) авиациялық қауіпсіздік қызметі мамандарын, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдарын авиациялық қауіпсіздік және ұшу қауіпсіздігі мәселелері бойынша даярлау және қайта даярлау бағдарламасын бекітеді;

157) әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыруды жүзеге асырады;

158) халықаралық ынтымақтастықты, оның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық азаматтық авиация ұйымдарында өкілдік етуін жүзеге асырады;

159) азаматтық авиация саласында Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасуға қатысады;

160) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы ұйымдарды азаматтық авиация саласында сертификаттауға, инспекциялық тексеруге тартудың тәртібі мен шарттарын айқындайтын қағидаларды бекітеді;

161) әуе трассалары мен жергілікті әуе желілерін пайдалануға рұқсат ету қағидаларын бекітеді;

162) әуе кемелерінің халықаралық ұшуын қамтамасыз етуге арналған әуежайларды ашу және жабу тәртібін айқындайды;

163) Қазақстан Республикасының шекаралық аймақ учаскелерін қоспағанда, кемелердің ішкі су жолдарымен жүзу жағдайларын навигациялық-гидрографиялық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

164) Пайдаланылатын кемелерді куәландыру қағидаларын бекітеді;

165) Кемелердің кеме қатынасы шлюздері арқылы өту қағидаларын бекітеді;

166) Пайдаланылған кемелердің элементтерін пайдалана отырып, ішкі және аралас «өзен-теңіз» суларында жүзетін кемелерді жасау қағидаларын бекітеді;

167) Ішкі суларда жүзетін кемелерді және аралас «өзен-теңіз» суларында жүзетін кемелерді жаңарту жөніндегі қағидаларды бекітеді;

168) Техникалық флот кемелерін жаңарту жөніндегі қағидаларды бекітеді;

- 169) Ішкі суда жүзетін кемелерді жасау қағидаларын бекітеді;
- 170) шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелердің каботажды және сауда мақсатында теңізде жүзумен байланысты өзге де қызметті жүзеге асыруына  
р ұ қ с а т т а р б е р е д і ;
- 171) кемелердің, порттардың, жағалаудағы объектілердің, кеме жүзетін гидроқұрылыстардың, жасанды аралдардың және теңіздегі басқа да құрылыстардың куәландырылудан өткізілуін қамтамасыз етеді;
- 172) теңіз кемелерінің экипаждарын азық-түлікпен қамтамасыз ету  
қ а ғ и д а л а р ы н б е к і т е д і ;
- 173) теңіз жолдарының навигациялық жағдайының құралдары қолданылатын  
а й м а қ т а ғ ы қ ұ р ы л ы с т ы к е л і с е д і ;
- 174) кемелерді техникалық куәландыру мен сыныптауды жүзеге асыратын  
сыныптау қоғамының танылуын ұйымдастыруды жүзеге асырады;
- 175) уәкілетті органның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша  
сараптамаларға қатыстыру үшін тиісті мамандарды тартады;
- 176) теңіз кемелерін сыныптау және жасау қағидаларын бекітеді;
- 177) теңіз кемелерінің жүк маркасы туралы қағидаларды бекітеді;
- 178) жағалау объектілерін жобалауды, орналастыруды, салуды және  
п а й д а л а н у д ы к е л і с е д і ;
- 179) теңіз кемелерінің жүк көтергіш құрылғыларын куәландыру қағидаларын  
б е к і т е д і ;
- 180) кемелерді лоцмандық алып өтудің міндетті аудандары мен міндетті емес  
аудандарын белгілейді және мұндай аудандар туралы ақпаратты теңіз порттары  
мен лоцияларына жалпыға бірдей етіп жеткізеді;
- 181) жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) беру,  
радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану,  
сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың  
электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидаларын әзірлейді;
- 182) байланыс қызметтері нарығының жұмыс істеуі үшін өз құзыреті шегінде  
ж а ғ д а й л а р ж а с а й д ы ;
- 183) байланыс саласындағы ұлттық ресурстарды басқарады;
- 184) пошта ақысы мемлекеттік белгілерінің түрлерін және шығарылу көлемін  
б е к і т е д і ;
- 185) байланыс саласындағы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге  
бағытталған талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді ұлттық  
қауіпсіздік органдарымен келіседі;
- 186) телекоммуникация желілерін ортақ пайдаланымдағы телекоммуникация  
желісіне қосу және Қазақстан Республикасының ортақ пайдаланымдағы  
телекоммуникация желісі бойынша трафикті өткізуді реттеу қағидаларын

б е к і т е д і ;

187) радиожилік спектрін перспективалы пайдаланудың жоспарларын  
б е к і т е д і ;

188) азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар үшін радиожилік  
спектрін пайдалану құқығына рұқсат беру құжаттарды береді;

189) бір жыл бойы пайдаланылмаған жағдайда, радиожилік спектрін  
пайдалануға берілген рұқсатты алып қою тәртібін бекітеді;

190) нөмірлеудің бөлінген және резервтік ресурстарының тізілімін жүргізеді;

191) телекоммуникацияның әмбебап қызметтеріне және телекоммуникация  
және пошта байланысының жалпыға қолжетімді қызметі саласындағы табиғи  
монополиялар аясында тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекіту  
т ә р т і б і н а й қ ы н д а й д ы ;

192) телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметтер нарықтарында  
басым жағдайға ие нарық субъектілерінің қызметтеріне бағаларды реттейді;

193) уәкілетті органдарға адамдардың өміріне, денсаулығына төнген  
қауіп-қатер және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде  
қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы халықты хабардар ету үшін,  
сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау  
мүдделерінде телерадио хабарларын тарату желілерін пайдалану жөнінде  
ұ с ы н ы с т а р е н г і з е д і ;

194) телерадио хабарларын тарату мақсаты үшін жиіліктердің белдеулерін,  
радиожиліктерді (радиожилік арналарын) пайдалануға рұқсатты Телерадио  
хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссия шешімінің  
н е г і з і н д е б е р е д і ;

195) цифрлық эфирлік телерадио хабарлар тарату бөлігінде телерадио  
хабарларын таратушы ұлттық оператордың қызметін үйлестіреді;

196) мемлекеттік техникалық қызметтің жұмысын үйлестіреді;

197) телерадио хабарларын таратудың ұлттық желісін басқару жөніндегі  
ж ұ м ы с т ы ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

198) Қазақстан Республикасында қабылданатын жоспарлар мен  
бағдарламаларға сәйкес телерадио хабарларын тарату саласындағы мемлекеттік  
стандарттарды әзірлеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

199) телерадио хабарларын тарату саласында нормативтік құқықтық және  
нормативтік техникалық актілерді, оның ішінде телерадио хабарларын тарату  
жүйесін техникалық пайдалану қағидаларын, телерадио хабарларын тарату  
сапасын бақылауды жүргізу қағидаларын, теле-, радиокөпманиялардың  
техникалық құралдарын телерадио хабарларын тарату операторларының  
желілеріне қосу қағидаларын, телерадио хабарларын тарату операторларының  
қызмет көрсетуі қағидаларын бекітеді;

200) Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарабының шетелдік электрондық цифрлық қолтаңбасының түпнұсқалығын растау қағидаларын әзірлейді;

201) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде тұтынушылар құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді;

202) көлік және коммуникация саласында кадрлар қажеттігін анықтайды;

203) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

15. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ведомствоға мыналар бойынша функциялар жүктелуі мүмкін:

1) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес лицензиялауға жататын қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялауды жүзеге асыру;

2) транзиттік әлеуетті пайдалану туралы ақпаратты жинақтауды, автокөлік құралдары қозғалысының қарқындылығын есепке алуды жүзеге асыру, жинақталған ақпаратты белгіленген нысандағы есеп беру құжаты түрінде беруді ұйымдастыру және жүзеге асыру;

3) шетел мемлекеттерінің құзыретті органдарымен рұқсат беру құжаттарының бланкілерімен тепе-тең алмасуды жүргізу;

4) жолаушылар мен багаждың тұрақты халықаралық және қалааралық облысаралық автомобиль тасымалдары бағыттарының тізілімдерін жүргізуді жүзеге асыру;

5) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шетел мемлекетінің аумағы бойынша Қазақстан Республикасы тасымалдаушыларының жүріп өтуіне рұқсат беру;

6) ауыр салмақты және ірі өлшемді көлік құралдарының (шетелдікін қоса алғанда) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп өтуіне арнайы рұқсаттар беру;

7) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде тұтынушылар құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету;

8) магистральдық байланыс желілерін басқару мен пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ шетелдіктер қатысатын ұйымдардың басқаруындағы немесе меншігіндегі байланыс желілерінің қызметіне бақылау жасауды жүзеге асыру;

9) Қазақстан Республикасы аумағынан жүріп өтуге қосымша рұқсат беру;

10) тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының келісімі бойынша жолаушылар мен багажды облысаралық қалааралық тұрақты автомобиль тасымалдау маршруттары мен

қозғалыс кестелерін бекіту;

11) жолаушылар мен багаждың тұрақты халықаралық автомобиль тасымалдарын ұйымдастыруды жүзеге асыру, көрсетілген тасымалдардың бағыттар бойынша қозғалу кестесін келісу;

12) шетелдік автокөлік құралдарының уақытша кіруін тіркеу;

13) қоғамдық бірлестіктермен және автомобиль көлігі саласындағы қауымдастықтар (одақтар) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестіктерімен мемлекеттің өзара іс-қимыл жасасуын қамтамасыз ету;

14) жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының мемлекеттік есепке алынуды жүзеге асыру;

15) облыстық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін келісу;

16) облыстық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін келісу;

17) жол бойы белдеулеріндегі жол сервисі объектілерін немесе оларға жету үшін кірме қажет болғанда олардың аумағынан тыс объектілерді орналастыру үшін жер учаскелерін беруді келісу;

18) жол органдары немесе концессионерлер пайдаланбайтын халықаралық, республикалық, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының бөлінген белдеулеріндегі жерлерінің учаскелерін шарт бойынша жеке және заңды тұлғаларға сыртқы (көрнекі) жарнамаларын орналастыру үшін уақытша қысқа мерзімді жер пайдалануға беру;

19) жалпы пайдаланымдағы халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарына бөлінген белдеуде сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін орналастыруды келісу;

20) жол саласындағы инвестициялық және әлеуметтік саясаттың іске асырылуын жүзеге асыру;

21) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу және концессиялар туралы заңнамасына сәйкес республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, қайта жаңарту, жөндеу және ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

22) мемлекеттік меншік болып табылатын темір жолдар бойынша темір жол қатынасын тоқтатуды жүзеге асыру;

23) кірме жолды одан әрі пайдалануды тоқтату және кірме жолды пайдалануды қайта бастау туралы шешім қабылдау;

24) темір жол көлігінде пайдаланылатын бірыңғай есепке алу - есеп беру уақытын белгілеу;

25) жер учаскелерін берудің нормативтерін келісу;

26) қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы туралы статистикалық ақпарат қалыптастыру;

- 27) тұрақты ұшулар кестесін бекіту;
- 28) сертификаттауды және үлгілік сертификатын беруді жүзеге асыру;
- 29) халықаралық рейстерді қамтамасыз етуге рұқсат етілмеген әуежайлардан (әуежайларға) халықаралық ұшуды орындайтын азаматтық әуе кемелерін қабылдауға, ұшуға шығаруға және оларға қызмет көрсетуге уақытша р ұ қ с а т т а р ы н б е р у ;
- 30) ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін кемшіліктер анықталған жағдайда үлгі сертификатының қолданысын тоқтата тұру;
- 31) азаматтық авиация саласындағы ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік талаптарын бұзушылықты есепке алудың жүргізілуін жүзеге асыру;
- 32) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) сертификаттауды және оның жарамдылығы сертификатын беруді жүзеге асыру;
- 33) сериялық өндіріске арналған жаңа конструкциялық (жаңа үлгідегі) азаматтық әуе кемесі зауыттық, мемлекеттік және пайдалану сынақтарынан өткеннен кейін оған үлгі сертификатын беру;
- 34) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде шетелдік әуе кемелерінің халықаралық тұрақты емес (бір жолғы) ұшуына рұқсат беру;
- 35) азаматтық авиация саласында әуе қозғалысына қызмет көрсетілуін, ұшудың радиотехникалық және метеорологиялық қамтамасыз етілуін бақылауды және қадағалауды, сондай-ақ көрсетілетін қызмет пен оның сапасын тексеруді жүзеге асыру ;
- 36) авиациялық персоналға жататын тұлғаның қажетті білімі мен дағдыларының болуын, сондай-ақ оның денсаулығының белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын кәсіби қызметті жүзеге асыру құқығына авиация персоналының куәлігін беру, қайтарып алу, мұндай куәліктің қолданысын тоқтата тұру ;
- 37) Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына азаматтық әуе кемелерін пайдаланушы сертификатын беру;
- 38) құзыретті орган әуе кемесін ұшуға жарамды деп тану туралы шешім қабылдаған жағдайда әуе кемесінің ұшуына рұқсат беру;
- 39) ішкі әуе трассалары, жергілікті әуе желілері, ұшу маршруттары бойынша және әуе трассаларынан тыс халықаралық ұшуды орындауға келісу;
- 40) авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәлікті беру;
- 41) ұшуға жарамдылығының қолданыстағы сертификаты жоқ әуе кемесіне ұшу сынақтарын жүргізу немесе оның техникалық қызмет көрсетілетін және жөндеу жүргізілетін жерге ұшып баруы үшін арнайы ұшуды орындауға рұқсат б е р у ;
- 42) халықаралық және субсидияланатын авиамаршруттарға куәліктер беру;
- 43) Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін, оларға құқықтарды



және олармен жасалған мәмілелерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;

44) аса жеңіл авиация әуе кемелерінің ұшу жарамдылығына сертификаттауды жүзеге асыру;

45) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган берген қолданыстағы сертификаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, иеленушілер сертификаттау талаптарын сақтамаған жағдайда сертификаттар беруден бас тарту, қайтарып алу, олардың қолданысын тоқтата тұру;

46) шетел мемлекеті Қазақстан Республикасының азаматына берген авиация персоналының куәлігін, не тиісті куәлікті бере отырып, жұмысқа жалдану үшін Қазақстан Республикасына келген шетел азаматының авиация персоналының куәлігін тану;

47) азаматтық әуе кемесін сертификаттауды және оған дана сертификатын беруді жүзеге асыру;

48) сертификаттауды және азаматтық әуе кемесінің ұшу жарамдылығын беруді жүзеге асыру;

49) азаматтық әуе кемелерімен әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзушылықтың жолын кесу;

50) Қазақстан Республикасының әуеайлақтарында қонбай не қона отырып, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы коммерциялық емес мақсаттарда халықаралық тұрақты ұшуды орындауға рұқсат ету;

51) егер әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы нормаларынан уақытша ауытқу белгіленген ұшу қауіпсіздігі деңгейіне баламалы деңгейді қамтамасыз ететін қосымша шаралар енгізумен өтелсе, мұндай ауытқуларға келісу;

52) авиация персоналына жататын тұлғалардың «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленген талаптар мен нормаларды сақтауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

53) шетел мемлекеті берген әуе кемесінің ұшу жарамдылығы сертификатын тану;

54) тасымалдаушылардың магистральды теміржол желісінің қызмет көрсетулеріне кемсітусіз қолжетімділігін қамтамасыз етуге бақылауды жүзеге асыру;

55) шет мемлекеттердің әскери құралымдарын, қару-жарағын және әскери техникасын, сондай-ақ қосарлы мақсатта пайдаланылатын өнімдерді тасымалдау үшін азаматтық әуе кемесін пайдаланушының халықаралық ұшуына келісу;

56) әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерді, не заңды тұлғаға тиесілі аумақты, үй-жайларды, көлік құралдарын, тауарларды, өзге мүлік пен заттарды тексеріп қарауды жүргізу кезінде табылған, әкімшілік құқық бұзушылық

жасаудың құралы немесе тікелей объектісі болған, заңды тұлғаға тиесілі құжаттарды, тауарларды, өзге де мүліктер мен заттарды алып қоюды жүзеге асыру ;

57) өздігінен жүзетін шағын көлемді кемелерді басқару құқығына куәліктер беру ;

58) хаттамалар толтыру, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру ;

59) өз құзыреті шегінде тексеру нәтижелері бойынша актілер жасау және көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің, стандарттардың және нормалардың талаптарын бұзушылық анықталғанда, оларды жою туралы ұйғарымдар енгізу ;

60) кемелерді (соның ішінде шағын көлемді кемелерді) мемлекеттік тіркеу және тиісті құжаттар беру ;

61) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркелуі тиіс кемелердің командалық құрамының тұлғаларына диплом беруді жүзеге асыру ;

62) тасымалдаушылардың, жүк жөнелтушілердің, контрагенттердің және басқа да тұлғалардың бәсекелес кірме жолдары жоқ кірме жолдардың қызметтеріне кемсітусіз қолжетімділікті қамтамасыз етуді бақылауды жүзеге асыру ;

63) теңіз портының капитаны туралы ережені бекіту ;

64) кемелердің сыныпталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру ;

65) кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелерге техникалық қадағалауды жүзеге асыру ;

66) кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердегі көлік оқиғаларын тексеру ;

67) су көлігінде тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы бөлігінде қызметін тексеру ;

68) республикаішілік қатынаста жолаушылар мен багажды тұрақты емес автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде тасымалдау шартының болуын тексеру ;

69) авариялық жағдайларды және көлік оқиғаларын, су көлігін пайдалану ережелерін бұзушылықты алдын алу жөніндегі шаралар туралы мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізу ;

70) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының келісімі бойынша Қазақстан Республикасының теңіз флоты кемелерінің жүзу құрамының жұмыс

уақыты мен демалыс уақытын реттеу ерекшеліктерін белгілеу;

71) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының келісімі бойынша теңізшілердің еңбегі мен олардың еңбекақысын реттеу ерекшеліктерін белгілеу;

72) теңіз порты акваториясының шекараларын айқындау;

73) электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкалар беру;

74) жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдауға рұқсат беру туралы к у ә л і к б е р у ;

75) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттің тасымалдаушыларына Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп өтуіне рұқсат беру;

76) бербоут-чартер шартымен жалға алынған шет мемлекеттің кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша б е р у т у р а л ы к у ә л і к б е р у ;

77) халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында ж о л қ ы з м е т і н б а с қ а р у ;

78) халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу, қайта жаңарту, жөндеу, енгізу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ету;

79) халықаралық техникалық байқау сертификаттарын беру;

80) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бланк өнімін өткізу қызметтері үшін бюджет кірісіне түсетін төлемнің төленгенін растайтын құжаттар ұсынылғаннан кейін жүзеге асырылатын, механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерінің міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәліктердің бланкілерін техникалық байқау операторларына беру;

81) шағын кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды есепке алу;

82) қызмет өңірі шегінде механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізу кестесін келісу;

83) көліктің жұмыс істеу тәртібін, олардың бұзушылықтарын анықтауды және жолын кесу бойынша шаралар қабылдауды белгілейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, халықаралық шарттарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

84) көлік қызметтерін тұтынушылар құқықтарының сақталуын бақылауды және қа да ғ а л а у д ы жү з е г е а с ы р у ;

85) лицензиялық бақылауды жүзеге асыру;

86) автомобиль жолдарын салу, қайта жаңарту, жөндеу және ұстау кезінде сапаны талап ететін жобалау саласында қабылданған нормалар мен стандарттардың сақталуын қамтамасыз ету;

87) ақылы автомобиль жолдарын құру мен пайдалануды бақылауды жүзеге а с ы р у ;

88) жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарына бөлінген белдеудің жол органдары немесе концессионер пайдаланбайтын жер учаскелерін жолдың көліктік-пайдаланылу сапасының төмендеуіне жол бермеу, көлік құралдары жүрісінің қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау шартымен сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру үшін жеке және заңды тұлғаларға уақытша қысқа мерзімді жер пайдалануға беру;

89) автомобиль көлігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

90) халықаралық және облысаралық қатынаста жолаушылардың тұрақты автомобиль тасымалына рұқсаттың болуын тексеруді және жолаушылар мен багаждың тұрақты емес автомобильдер тасымалы кезінде қозғалыс бағыты мен кестесінің сақталуын, сондай-ақ жолаушылар тізімінің болуын бақылауды жүзеге асыру ;

91) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша шетелдік тасымалдаушылардың каботаждық тасымалдауын анықтау және жолын кесуді жүзеге асыру ;

92) шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына белгіленбеген өткізу пункттері арқылы кіру фактілерін анықтау;

93) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру кезінде рұқсат беру жүйесі талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру ;

94) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасауын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

95) техникалық байқау операторларының тізілімін жүргізу;

96) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұруын, оның ішінде отандық және шетелдік тасымалдаушыларымен Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген автокөлік құралдарының рұқсат етілген көлемдік және салмақтық өлшемдердің сақталуына бақылауды жүзеге асыру ;

97) жүргізушілердің белгіленген еңбек және тынығу режимін сақтауы, оның ішінде тахографтармен жабдықталуға жататын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тасымал түрлерін жүзеге асыратын автобустарда, жүк, оның ішінде мамандандырылған (жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған) автомобильдерде тахографтардың болуын бақылауды жүзеге асыру;

98) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат беру ;

99) жолаушылар мен жүктерді, соның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдау

саласындағы автокөлік құралдарын пайдалану кезінде шығарындылардағы лаस्ताушы заттардың құрамы нормативтерінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру ;

100) автомобиль жолдарын пайдалану ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру ;

101) автокөлік құралын жарақтандырудың, автокөлік құралында тахографтың болуы және жарамдылығы бөлігінде халықаралық шарттардың талаптарына сәйкестігін, сондай-ақ орнатылған отын бактарының жасаушы зауыт талаптарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру;

102) Қазақстан Республикасы тасымалдаушыларының және шет мемлекеттер тасымалдаушыларының автокөлік құралдары жүргізушілерінің еңбек және демалыс режимін сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

103) қозғалыс қауіпсіздігінің және қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптарына жай-күйі жауап бермейтін магистральдық темір жол объектілерін, темір жолдар мен жылжымалы құрамды пайдалануды тоқтата тұру және тоқтатуды жүзеге асыру ;

104) тасымалдаушылардың халықаралық қатынаста тез бұзылатын жүктердің тасымалдауын орындайтын жылжымалы құрамға қойылатын талаптардың орындалуына бақылауды жүзеге асыру ;

105) тасымалдаушылардың жолаушылар мен жүктерді, соның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларының сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

106) темір жол көлігіндегі, соның ішінде магистральдық, станциялық және кірме темір жолдардағы қозғалыс қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асыру ;

107) жылжымалы темір жол құрамының мемлекеттік тіркелуін бақылауды жүзеге асыру ;

108) магистральдық, станциялық және кірме жолдардағы қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеруді жүзеге асыру;

109) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі ұшудың негізгі қағидаларына сәйкес азаматтық авиация саласына жататын жеке және заңды тұлғалардың әуе кемелермен ұшуларды орындауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру ;

110) азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық персоналдың кәсіби дайындығы мен денсаулық жағдайы мәселелері бойынша белгіленген талаптар мен нормаларды қамтамасыз етуін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

111) азаматтық авиация ұйымдарының азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылық нормаларын қамтамасыз етуін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру ;

112) азаматтық, эксперименттік авиация саласындағы ұшу қауіпсіздігінің

және авиациялық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін және азаматтық және эксперименттік авиацияның өзге де қызметіне мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

113) Қазақстан Республикасына (Қазақстан Республикасынан) тұрақты жолаушылар рейстерін орындауды жоспарлайтын шетелдік тасымалдаушыларды тіркеуді жүзеге асыру;

114) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануды және азаматтық және эксперименттік авиация қызметін мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

115) әуе кемесі, оның компоненттері, қосалқы бөлшектері мен қосымша аспаптары жай-күйінің пайдаланушыға берілген ұшуға жарамдылығы сертификатының талаптарына және ұшуға жарамдылығын айқындайтын пайдалану-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкестігін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

116) сертификатталған ең жоғары ұшу массасы бес мың жеті жүз килограмнан асатын ұшақтарды және (немесе) бір немесе бірнеше турбореактивті (турбобұрандалы) қозғалтқышпен жарақтандырылған ұшақтарды пайдаланатын жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларға ұшуды орындау құқығына куәлік беру;

117) басқа мемлекеттік органдардың құзыретіне сәйкес олармен бірлесіп, Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын заңсыз араласу актілерінен қорғауды қамтамасыз ететін заңдардың, қағидалар мен рәсімдердің сақталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

118) авиациялық техника мен оған жерде қызмет көрсету құралдарының ұшу және техникалық пайдалану талаптарына сәйкестігін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

119) әуеайлақ (тікұшақайлақ) объектілерінің, қону алаңқайларының күтіп-ұсталуын және «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабы 1-тармағының 1) - 7), 9) және 10) тармақшаларында көзделген әуежай қызметінің сапасын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

120) азаматтық авиация әуеайлағы ауданында объектілерді таңбалаудың жүзеге асырылуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

121) халықаралық әуе тасымалдарын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

122) авиациялық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

123) әуе кемесі данасы конструкциясының, сипаттамаларының және пайдалану-техникалық құжаттамасының ұшуға жарамдылық нормаларына

сәйкестігі к у ә л і г і н б е р у ;

124) азаматтық әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі ықтимал қызметті бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

125) порттық құрылыстардың қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

126) жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын беруді жүзеге асыру;

127) ішкі су жолдарында орналасқан кемелердің (соның ішінде шағын көлемді), салдардың және өзге де жүзу объектілері мен құрылыстардың кемені пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру;

128) кемелермен, соның ішінде шағын көлемді кемелермен ішкі су жолдарында болған көлік оқиғаларын тергеуді, сыныптауды және есепке алуды жүргізу;

129) алкогольге, есірткіге және уытқұмарлық заттарға масаң күйдегі шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін басқарудан босату және оларды медициналық тексеруге жіберу;

130) шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалауды жүргізуді жүзеге асыру;

131) порттың теңіз әкімшілігі жүргізетін теңіз кемелерімен болған авариялық жағдайларды сыныптауды, тергеуді және есепке алуды бақылауды жүзеге асыру;

132) жеке және заңды тұлғалардың ішкі су жолдарында жүзу қағидаларын сақтауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

133) лоцмандық қызметті және өзге де теңіз қызметтерін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

134) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыруды, ішкі су көлігінің жұмыс істеу тәртібін белгілейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерін жеке және заңды тұлғалардың сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

135) тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтің жүзеге асырылуының басталғандығы туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізу;

136) кемелерде техникалық пайдалану қағидаларының, қызмет жарғысының сақталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

137) ішкі су жолдарында кеме қатынасын жүзеге асыратын кеме иелерінің, кеме экипажы мүшелерінің, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасына сәйкес кемелерді пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын орындауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

138) кеме пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келмейтін кемелерді (соның ішінде шағын көлемді), салдар мен өзге де жүзбелі объектілерді ұстауды жүзеге асыру;

139) кеме қатынасы қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жүктердің сақталуына қауіп болған кезде кемелердің (соның ішінде шағын көлемді), салдар мен өзге де жүзбелі құрылыстардың қозғалысын тоқтата тұру және тыйым салуды жүзеге асыру;

140) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда теңіз кемелерін және шағын көлемді кемелерді әкімшілік ұстауды, теңіз кемелерінде және шағын көлемді кемелерде тексеру жүргізуді жүзеге асыру ;

141) өз құзыреті шегінде заңды тұлғаға тиесілі аумақты, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мүлікті қарау, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеруді жүзеге асыру ;

142) шетелдік сыныптау қоғамдарының немесе Кеме қатынасы тіркелімінің теңіз кемелеріне техникалық қадағалау жүргізуді және олардың сыныпталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

143) қысқы тұрақта тұратын, пайдаланудағы теңіз кемелеріне уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен байқау жүргізуін бақылауды жүзеге асыру;

144) кеме экипажын жинақтауға қойылатын талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру ;

145) ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісілгеннен кейін авиация персоналының қолданыстағы куәлігі бар ұшу құрамының, кабина экипажының адамдарына, ұшуды техникалық қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық құрамға және ұшу кезінде әуе кемесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін персоналға экипаж мүшесінің куәлігін беру;

146) кеме қатынасы су жолдарының және навигациялық жабдық құралдарының тиісті күтіп-ұсталуын бақылауды жүзеге асыру;

147) азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру;

148) Қазақстан Республикасының заңды құзырындағы Қазақстан Республикасының теңіз порттары арасындағы, сондай-ақ тиеу портынан (пунктінен) түсіру портына (пунктіне) дейінгі қатынастағы тасымалдарды және тіркеп сүйреуді бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

149) ішкі су көлігін, соның ішінде шағын көлемді флотты пайдалану қауіпсіздігін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

150) сервис орталықтарын (шеберханаларды) бақылауды жүзеге асыру;

151) әуе кемесінің ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын беру;

152) жеке және заңды тұлғалардың су көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан



Республикасының Үкіметі қаулыларының талаптарын сақтауын мемлекеттік бақылау және қадағалау, олардың бұзылуын анықтау және жолын кесу жөніндегі шараларды қабылдау;

153) өз құзыретінің шегінде тексерулер нәтижелері бойынша актілер жасау және су көлігінің қызмет ету тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңнамасын, стандарттары мен нормаларының анықталған бұзылуын жою туралы ұйғарымдар енгізу;

154) кемеде кеме құжаттарының бар болуын тексеруді жүзеге асыру;

155) кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

156) Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелген әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету бағдарламасын (регламентін) бекіту;

157) азаматтық әуе кемелерінде орнатылған радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру;

158) порттың теңіз әкімшілігі арқылы жүзеге асырылатын теңізде жүзу қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру;

159) теңгерімінде жалпы пайдаланымдағы республикалық автомобиль жолдары бар мемлекеттік ұйымдарды басқару;

160) техникалық байқау орталықтарының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізу тәртібін сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

161) міндетті техникалық байқаудан өту туралы куәлік бланкілерінің нысандарын әзірлеу және бекіту;

162) радиожиілік спектрін жоспарлау және тиімді пайдалану;

163) телекоммуникацияның әмбебап қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекіту;

164) телекоммуникация және пошта байланысының жалпыға бірдей қолжетімді қызметі аясындағы табиғи монополиялар саласында және реттелетін нарықтарда реттеу мен бақылау;

165) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес телекоммуникация және пошта байланысы қызметтері нарығында басым (монополиялық) жағдайдағы нарық субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, қызметтеріне) бағаларды мемлекеттік реттеу;

166) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарының, әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының мұқтаждықтары үшін техникалық құралдарды орналастыруға қажетті байланыс желілері мен арналарын, кәбілдік кәріздердегі арналар мен алаңдарды шарттық негізде беру бағаларын (тарифтерін

- ) р е т т е у ;
- 167) телекоммуникация және пошта байланысы саласындағы нарық субъектілерінің тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) және инфрақұрылымға кемсітпейтін қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында тауар нарықтарына т а л д а у жү р г і з у ;
- 168) телекоммуникация және пошта байланысының жалпыға қолжетімді қызметтері саласындағы табиғи монополиялар аясында тарифті (бағаларды, алым с т а в к а л а р ы н ) б е к і т у ;
- 169) телекоммуникация және пошта байланысы саласындағы табиғи монополиялар субъектілері үшін тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейін есептеудің кемсітпейтін әдістемелерін әзірлеу ж ә н е б е к і т у ;
- 170) телекоммуникация және пошта байланысы саласындағы табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтерге (бағаларға, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициентін б е к і т у ;
- 171) телекоммуникация және пошта байланысы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған уақытша ө тем д і к тарифті б е к і т у ;
- 172) телекоммуникация желілері мен құралдарының техникалық үйлесімділігін қамтамасыз ететін нормаларды, байланыс қызметтерінің сапа көрсеткіштерін, тарифтеу бірліктері мөлшерлерін б е к і т у ;
- 173) телекоммуникация және пошта байланысы саласындағы табиғи монополиялар субъектілері шикізат, материалдар, отын, энергия шығындарының техникалық және технологиялық нормаларын б е к і т у ;
- 174) телекоммуникация және пошта байланысы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің персоналының нормативтік санын б е к і т у ;
- 175) жарғылық капиталына мемлекет және олармен үлестес тұлғалар қатысатын заңды тұлғалар болып табылатын телекоммуникация және пошта байланысы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің штат кестесін белгіленген тәртіппен келісуді жүзеге асыру;
- 176) жарғылық капиталына мемлекет және олармен үлестес тұлғалар қатысатын заңды тұлғалар болып табылатын телекоммуникация және пошта байланысы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің әкімшілік персоналының басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің шекті деңгейін белгіленген тәртіппен келісуді жүзеге асыру;
- 177) телекоммуникация және пошта байланысы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің негізгі құралдары құнының өсуіне әкелмейтін ағымдағы және күрделі жөндеу мен басқа да қалпына келтіру-жөндеу

жұмыстарына бағытталған шығындардың жылдық сметасын келісуді жүзеге асыру ;

178) ұлттық ресурстардың және байланыс операторларының тізілімін жүргізу ;

179) байланыс саласындағы қызметті лицензиялау;

180) азаматтық пайдаланушыларға радиожилік спектрін пайдалануға рұқсаттарды бөлу, иелікке беру, шақыру сигналын иелікке беруді қоса алғанда, кеме станциясына рұқсаттар беру ;

181) ұлттық қауіпсіздік органдарымен бірлесіп, байланыс операторларының байланыс саласындағы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асыру ;

182) радиобақылауды, байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың радиожилік спектрін пайдалануын және байланыс қызметтерін көрсететін лицензиаттардың лицензия талаптарын сақтауын тексеруді жүргізуге қатысты құжаттардың (хаттамалардың, ұйғарымдардың, тексеру тағайындау туралы актілердің) нысандарын әзірлеу және бекіту ;

183) бөлінетін жиілік жолақтарын, радиожиліктерді (радиожилік арналарын) техникалық сараптау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру ;

184) пайдалану құқығына рұқсаты болмаған және (немесе) техникалық сипаттамалары белгіленген нормаларға сәйкес келмеген жағдайда радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды өшіру ;

185) депозитарий жүргізуді тексеру ;

186) ақпараттандыру саласындағы және байланыс саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының орындалуын бақылау ;

187) телекоммуникация және пошта байланысы саласындағы реттелетін нарық субъектілерінің баға белгілеу тәртібінің сақталуын бақылау ;

188) телекоммуникация және пошта байланысы саласындағы реттелетін нарық субъектілерінің баға белгілеу мониторингісін жүзеге асыру ;

189) радиобақылауды жүзеге асыру және байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың радиожилік спектрін пайдалануына және байланыс операторларының байланыс саласында қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын субъектілерге қойылатын біліктілік талаптарын және байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын сақтауын тексеруді жүргізу ;

190) Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасын бұза отырып қолданылатын радиоэлектронды құралдарды және жоғары жиілікті құрылғыларды анықтау және алдын алу ;

191) радиоэлектронды құралдардың және жоғары жиілікті құрылғылардың электромагниттік сәйкестігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастыру техникалық іс-шаралардың орындалуын бақылау ;

192) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес телекоммуникация және пошта байланысы желілері мен құрылыстары құрылғыларын техникалық пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі техникалық нормалар мен талаптарға сәйкестігін тексеру;

193) халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін «жалғыз терезе» қағидаты бойынша ұйымдастыру;

194) халыққа қызмет көрсету орталықтарының және мемлекеттік қызметтер көрсету субъектілерінің өзара іс-қимылын үйлестіру;

195) халыққа қызмет көрсету орталықтары қызметінің мәселелері бойынша әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

196) электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тізілімін жүргізуді қамтамасыз ету;

197) адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға немесе тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуіне қауіп төндіретін байланыс желілері технологиялық жабдығын пайдалану, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы қағидаларын бұзу анықталған кезде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жекелеген байланыс құралдарының немесе желілерінің жұмысындағы бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымдар жіберу;

198) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жартыжылдық тексеру жоспарларын әзірлеу;

199) Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының талаптарын сақтау мәніне ақпараттандыру саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

200) ақпараттандыру саласын дамытудың және жетілдірудің негізгі бағыттары мен басымдықтарын іске асыру, оның сапасын, қолжетімділігін және жұмыс істеуінің орнықтылығын арттыру;

201) бюджет қаражаты есебінен жасалатын және (немесе) сатып алынатын мемлекеттік ақпараттық жүйелердің, ақпараттық-бағдарламалық кешеннің техникалық құжаттама (техникалық тапсырма, техникалық-экономикалық негіздеме, техникалық ерекшелік) талаптарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру;

202) орталық мемлекеттік органдардың және облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдіктерінің интернет-ресурстарының жұмыс істеуін, сондай-ақ халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмыс істеуін және мемлекеттік қызметтер көрсетудің автоматтандырылуын бақылауды жүзеге асыру;

203) мемлекеттік ақпараттық жүйелермен ықпалдастырылған мемлекеттік ақпараттық және мемлекеттік емес жүйелердің ақпараттық қауіпсіздік талаптары мен стандарттарға сәйкестігін аттестаттау;

204) мемлекеттік ақпараттық жүйелерді пайдалануға (өнеркәсіптік пайдалануға) қабылдау жөніндегі іс-шараларға қатысу;

205) ақпаратты алу, көшіру, тарату, бұрмалау, жою немесе оқшаулау жөніндегі заңсыз іс-әрекеттерді болдырмауды қоса алғанда, ақпараттық технологияларды қауіпсіз пайдалану мәселелері бойынша ақпараттық жүйелердің, ақпараттық-коммуникациялық желілер мен электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иелеріне, иеленушілері мен пайдаланушыларына жәрдем к ө р с е т у ;

206) байланыс саласындағы ұлттық ресурстарды тарату және пайдалану;

207) Қазақстан Республикасының ақпараттық жүйелерін және электронды ақпараттық ресурстарды тіркеуді жүзеге асыру;

208) байланыс операторларының байланыс саласында қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын субъектілерге қойылатын біліктілік талаптарын, байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын, пошта байланысы қызметтерін көрсету қағидаларын және Қазақстан Республикасының аумағындағы пошта жөнелтілімдеріне пошта штемпелін қолдану қағидаларын сақтауын бақылауды ж ү з е г е а с ы р у ;

209) телерадио хабарларын таратушы ұлттық оператордың қызметін ү й л е с т і р у ;

210) мемлекеттік техникалық қызметтің жұмысын үйлестіру;

211) телерадио хабарларын тарату сапасының техникалық параметрлерінің және телерадио хабарларын таратудың мемлекеттік стандарттарының сақталуын б а қ ы л а у д ы ж ү з е г е а с ы р у ;

212) телерадио хабарларын тарату құралдарына қойылатын техникалық талаптарды сақтау бөлігіндегі Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату саласындағы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге а с ы р у ;

213) телерадио хабарларын таратудың ұлттық желісін басқару жөніндегі ж ұ м ы с т ы ұ й ы м д а с т ы р у ;

214) уәкілетті органдарға адамдардың өміріне, денсаулығына төнген қауіп-қатер және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы халықты хабардар ету үшін, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау мүдделерінде телерадио хабарларын тарату желілерін пайдалану жөнінде ұ с ы н ы с т а р е н г і з у ;

215) электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы

Қазақстан Республикасының заңдарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын сақтау тұрғысынан электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

216) азаматтық авиация әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын), бірлесе пайдалану және бірлесіп орналасу әуеайлақтарын есепке алуды жүзеге асыру;

217) әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметінің қарап тексерулер ұйымдастыру жөніндегі сертификатын беру;

218) авиациялық оқу орталығының сертификатын беру;

219) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын беру;

220) әуежайдың және Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелері мен Қазақстан Республикасының әуежайларына тұрақты ұшуды орындайтын шет мемлекеттердің әуе кемелерін пайдаланушылардың авиациялық қауіпсіздігі жөніндегі бағдарламаларын келісу;

221) азаматтық және эксперименттік авиацияның әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзушылықтарды есепке алуды жүргізу;

222) азаматтық әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру;

223) мүдделі мемлекеттік органдар арасында авиациялық қауіпсіздік саласындағы қызметті үйлестіруді жүзеге асыру, азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу әрекеттерін тексеруде мемлекеттік органдарға жәрдемдесу, олардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;

224) тізбеде көрсетілмеген радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды әкелуге және пайдалануға рұқсат беру құқығын өзінің аумақтық б ө л і м ш е л е р і н е беру ;

225) жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) иелікке беруді жүзеге асыру ;

226) байланыс құралдарын пайдалануға қабылдап алу жөніндегі іс-шараларға қ а т ы с у ;

227) үкіметтік байланыс желілерін қоспағанда, байланыс құрылыстары, телекоммуникация желілері құрылысының жоспарларын келісуге және пайдалану үшін қабылдауға қатысу ;

228) радиобақылауды жүзеге асыру және байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың радиожиілік спектрін пайдалануына және байланыс операторларының байланыс саласында қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын субъектілерге қойылатын біліктілік талаптарын және байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын сақтауына тексеру жүргізу;

229) пошта желісі объектілерін пайдалануды ұйымдастыру және байланыс қызметін пайдаланушыларға қызмет көрсету жөніндегі нормативтік құқықтық

актілердің талаптарын сақтауды қамтамасыз ету;  
230) қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторларының біліктілік талаптарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК